

12. Табышалиева А. Вера в Туркестане: очерк истории религий Средней Азии и Казахстана. - Бишкек: Аз-мак, 1993. - 162 с.
13. Жолсейітова М.А. Отарлық билік контексіндегі мұсылмандық білім беру жүйесі: саяси стратегиялар мен идеологиялық дискурстың ғылыми талдауы // Asian Journal “Steppe Panorama”. - 2025. - P. 442-455.
14. Дулатов М. Шығармалары: Өлеңдер, Қарасөздер, Көсемсөздер - Алматы: Жазушы, 1991, - 192 б.
15. Каримов М.А. Медресе «Галия» и ее роль в развитии просвещения в Казахстане // Просветительское движение у тюркских народов и творчество Абая. -Казань. 156-158 с. [Электрондық ресурс] <https://docs.yandex.kz/docs/view?tm=1764274134&tld=kz&lang=ru&name=Конференция-Абай-175.pdf&text=1>
16. Климович Л.И. Ислам в царской России. - М.: «Безбожник», 1936. 405 с.
17. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы (Қазақ тілі мен оқу-ағарту жөніндегі еңбектері). - Алматы: Ана тілі, 1992. - 448 б.
18. Дулатов М.. Оян Қазақ! Роман, өлең-жырлар, әңгімелер. - Алматы: Атамұра, 2003. -192 б.
19. Nurtazina N.D. The peoples of Turkestan: Problems of Islam, integration, modernization and decolonization (at the turn of the XIX-XX centuries). - Almaty: Qazaq universiteti, 2008. - 166 с.

## **АҚМОЛА Өңірінің қалыптасуы: дала аймағындағы әкімшілік-саяси өзгерістердің тарихи динамикасы (XIX-XX ғғ.)**

**Кенжебек С.Қ.**

Ғылыми жетекшісі: PhD Молдахмет А.А.

Астана Халықаралық Университеті

[saulekzhib@mail.ru](mailto:saulekzhib@mail.ru)

Астана қ.

Ақмола облысы - Қазақстан аумағындағы маңызды тарихи-әкімшілік бірлік, оның қалыптасу және даму кезеңдері бірнеше тарихи дәуірлерді қамтиды. Алғашқы мәрте Ақмола облысы Ресей империясының әкімшілік-территориялық жүйесінде 1868-1919 жылдар аралығында жеке аймақ ретінде өмір сүрді. Облыс 1868 жылдың 21 қазанында «Орынбор және Батыс Сібір генерал-губернаторлығының дала облыстарын басқару туралы Уақытша ережеге» сәйкес құрылып, оның орталығы Омск қаласы болды. XIX ғасырдың соңында Ақмола облысы Ресей империясының Орта Азиядағы ең ауқымды аумақтарының бірі саналды. Әкімшілік жағынан облыс бес округке (1898 жылдан бастап - уездерге) бөлінді, олардың әрқайсысы әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуында маңызды рөл атқарды. 1919 жылы Ақмола облысы таратылып, оның аумағы Омбы губерниясына енгізілді. Кейінірек, 1939 жылғы 14 қазанда КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының қаулысымен облыс қайта құрылды. 1960 жылы облыс Целинный край құрамына енгізіліп, 1961 жылы оның орталығы Ақмолинск қаласы Целиноград деп өзгертілді. Осы жылы 14 ауданнан тұратын жаңа Целиноград облысы құрылды. 1965 жылы Целинный край таратылып, облыс тікелей Қазақ КСР құрамына өтті. Тәуелсіздік жылдарындағы қайта атаулар нәтижесінде 1992 жылы Целиноград қаласы Ақмола деп өзгертілді, ал облыс атауы да Ақмола облысы болып бекітілді. 1998 жылы облыс орталығы ретінде Астана белгіленсе, 1999 жылдың 10 сәуірінде Солтүстік Қазақстан облысының үш оңтүстік ауданы (Зеренді, Шортанды, Еңбекшілдер) және Көкшетау, Щучинск, Степняк қалалары Ақмола облысына беріліп, өңірдің қазіргі әкімшілік-аумақтық келбеті қалыптасты [1, 47-50 б.]. Бүгінгі таңда Ақмола облысы тарихи қалыптасуы күрделі, бірнеше мәрте қайта ұйымдастырылған, Қазақстанның орталық өңіріндегі әкімшілік, экономикалық және мәдени маңызы зор аймақтардың бірі. Облыс стратегиялық орналасуы, дамыған инфрақұрылымы, ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіптің әртүрлі салаларының интеграциясы арқылы өңірдің әлеуметтік-экономикалық тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, облыс тарихи-мәдени ескерткіштерге, этнографиялық мұраларға бай, бұл оның ғылыми-зерттеу және туристік әлеуетін арттырады.

Осы зерттеуде Ақмола облысының тарихи-әкімшілік дамуын талдау үшін тарихи-архивтік әдіс пайдаланылды. Бұл әдіс өңірдің құрылу кезеңдерін, әкімшілік бөлінуін, жер-су атаулары мен топонимдердің өзгеруін тарихи құжаттар мен архив материалдары арқылы зерделеуге мүмкіндік береді.

Ақмола облысының тарихи-географиялық зерттелуі ХІХ ғасырдан бастау алады. Алғаш рет топономикалық материалды тарихи-географиялық мәселелерді шешу ретінде Н.И. Надеждин көрсеткен. Ақмола аймағы туралы алғашқы деректер орыс географтары мен саяхатшыларының еңбектерінде жарық көрген, атап айтқанда В.Н. Татищев пен П.И. Рычков өздерінің жазбаларында облыстың табиғи жағдайлары мен жергілікті халыққа сипаттама берген. 1815-1816 жылдары В. Шангин қазіргі Көкшетау, Атбасар және Астана қалалары орналасқан жерлерді зерттеп, олардың табиғи жағдайларын, тұрғындарының тұрмысын, сондай-ақ аймақтың гидрологиялық ерекшеліктерін баяндаған. Зерттеу барысында Ақмола облысының суармалы далалық және батпақты аудандары, флоралық әртүрлілікті анықтауда маңызды рөл атқаратындығы анықталған. Мысалы, Ақтасты ауылы мен Ақтастинка өзенінің жағалауларының батпақты жерлерінде макрофиттерге негізделген өсімдіктер қауымдастықтары қалыптасқан, олар су экожүйелерінде органикалық заттардың түзілуіне және топырақ құрылымына әсер етіп, биологиялық индикатор қызметін атқарады[5]. Бұл деректер облыстың экологиялық картасын жасауға, су ресурстарын тиімді басқаруға, сондай-ақ флора мен фаунаның кең таралуын зерттеуге мүмкіндік береді. 1818 жылы «Сибирский вестник» журналында В. Шангин Нұра өзенінің жағасында, Қорғалжыннан 55 шақырым жерде қираған қала орны мен Ерейментау тауларының маңындағы екі бекіністі сипаттаған. 1830 жылы подполковник Шубиннің отрядында болған казак офицері мен топограф Казлов Ақмола қаласында болып, жергілікті халық пен табиғатқа сипаттама беріп, Нұра мен Есіл өзендері арасындағы жерді топографиялық картаға түсірген. 1836 жылы Л. Мейер Есілдің бастауына дейінгі аймақты зерттеп, құнды тарихи және географиялық материалдар жинаған. Сонымен қатар, Ресей тарихшысы А. Левшиннің 1832 жылы жарық көрген «Описание Киргиз-Казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей» еңбегі облыстың тарихи-географиялық жағдайын кешенді сипаттап, Ботагай қаласы жөніндегі деректерді қамтыған [3, 107-106 б.]. Ақмола облысының жер-су атаулары этнограф И.Я. Словцов еңбектерінде көрсетілген. «Путевые заметки, веденные во время поездки в Кокчетавский уезд Асмолинской области в 1878 году» атты жазбасында ол аймақтың географиялық нысандарына сипаттама беріп, оларды карталарға түсірген (Словцов, 1878). Ақмола атауының шығу тарихына қарасақ, ғұн дәуірінен бастау алатыны болжанып, «ак» сөзі батыс, «мола» - биік қорған немесе қамал ұғымын білдіретіні айтылады. Сол себепті кейбір зерттеушілер «Ақмола» атауын «Батыс қамал» деген мағынада түсіндіреді [5]. Аймақтың топонимдері табиғи ландшафт, тарихи оқиғалар және мәдени дәстүрлермен тығыз байланысты.

Зерттеулер бойынша ХІХ ғасырдағы қазақ даласының әкімшілік және құқықтық қайта ұйымдастырылуы жан-жақты талданады. Ғылыми еңбектерде Ресей империясының бұл кеңістікте жүргізген басқару реформаларының ішкі логикасы, мақсаттары және олардың көшпелі қоғамның құрылымына тигізген ықпалы тарихи тұрғыдан кеңінен сипатталады. Бұл зерттеулердің өзегі қазақ даласының біртіндеп империялық әкімшілік жүйеге енгізілуі және бұл өзгерістердің дәстүрлі әлеуметтік ұйымдарға әкелген трансформациясы. Ғылыми зерттеулерде 1822 және 1824 жылдары қабылданған ережелер отарлық реформалардың алғашқы кезеңін бастағаны атап өтіледі[7]. Бұл құжаттар хандар институтын жойып, қазақ қоғамындағы билік құрылымын түбегейлі өзгертті. Қазақтардың ғасырлар бойы қалыптасқан басқару моделі орнына округтер, уездер мен болыстардан тұратын жаңа әкімшілік жүйе енгізілді. Соның нәтижесінде саяси билік дәстүрлі элитадан империялық шенеуніктердің қолына өтті. Бұл үрдіс «әдет-ғұрып нормаларын ығыстыру және оларды империялық құқықпен алмастыру» ретінде түсіндіріледі. Ғылыми еңбектерде көшпелі өмір салтына жасалған қысым да маңызды фактор ретінде көрсетіледі. Жайылымдық жерлердің шекарамен белгіленуі, көш жолдарының бақылауға алынуы, халықтың еркін қозғалысының шектелуі қазақ даласында бұрын болмаған жаңа кеңістіктік тәртіп орнатты. Мұндай өзгерістер көшпелі шаруашылықтың икемді құрылымын әлсіретіп, империялық әкімшілік бақылаудың күшеюіне мүмкіндік берді. Реформалардың құқықтық салдары да терең қарастырылады. Би соты мен әдет-ғұрып заңдары ресми мәртебесінен айырылып, олардың орнына империялық сот жүйесі енгізілгені айтылады. Бұл құқықтық өзгерістер қазақ қоғамының ішкі әлеуметтік реттеу механизмдеріне елеулі ықпал етті. Жалпы алғанда, ғылыми зерттеулер ХІХ ғасырдағы қазақ даласының отарлық қайта құрылуын жүйелі түрде түсіндіреді. Әкімшілік-саяси реформалардың Ақмола өңірінің қалыптасуына тікелей ықпал еткенін көрсетіп, аймақтың кейінгі тарихи даму логикасын пайымдауға мүмкіндік береді.

Зерттеулерде атап көрсетілгендей, ХІХ ғасырда жүргізілген әкімшілік-аумақтық және құқықтық реформалар қазақ даласында көшпеліден отырықшы өмір салтына, дәстүрлі рулық-тайпалық құрылымнан империялық әкімшілік жүйеге өтуге бағытталған тарихи процесс болды [7]. Империялық басқару реформалары нәтижесінде хандар мен сұлтандар билігі жойылып, олардың орнына округтер, уездер, болыстар сияқты ресми әкімшілік бірліктер енгізілді [3, 150 б.]. Бұл қазақ қоғамындағы саяси және әлеуметтік құрылымдардың түпкілікті өзгеруі, елді рулық-тайпалық негізде емес, империялық

орталықтан басқарылатын әкімшілік жүйеге бағындыру еді. Сонымен қатар, реформалар жайылымдық жерлер мен көшпелі бағыттардың құрылымын да бұзып, қазақтардың еркін маусымдық көшіп-қонуына тосқауыл қойды. Жер пайдалану мен мал жайылымдары әкімшілік шекаралармен бекітіліп, империялық заң мен тәртіпке бағыну міндетті болды. Нәтижесінде бұл реформалар қазақ даласында этномәдени трансформацияға апарды: көшпелі өмір стилінен біртіндеп отырықшылыққа өту, рулық-тайпалық жүйенің ыдырауы және жаңа әкімшілік-әлеуметтік топтардың қалыптасуы басталды [7] Осылайша, XIX ғасыр реформалары қазақ қоғамының дәстүрлі құрылымын қайта құрумен бірге қазақ даласында жаңа тарихи кезеңнің, яғни отырықшы әкімшілік-әлеуметтік құрылымның негізін қалаған.

Зерттеулер көрсеткендей, XIX-XX ғасырларда Ақмола өңірінің тарихи-әкімшілік дамуы қазақ даласындағы әлеуметтік құрылымдардың түбегейлі трансформациясымен тығыз байланысты болды. Әкімшілік аумақтық және құқықтық реформалар дәстүрлі рулық-тайпалық құрылымды әлсіретіп, көшпелі өмір салтынан біртіндеп отырықшылыққа өтуге жол ашты. Бұл процесс халықтың территориялық орналасуын тұрақтандырып, этномәдени жүйелердің қайта құрылуына мүмкіндік берді. Империялық әкімшілік жүйенің енгізілуі жер пайдалану, кочевалық маршруттарды бақылау, билік институттарын орталықтандыру арқылы өңірдің әлеуметтік және саяси тұрақтылығын қамтамасыз етті. Сонымен қатар, тарихи-географиялық зерттеулер, топонимдік материалдар және гидрологиялық сипаттамалар Ақмола облысының табиғи ресурстары мен әлеуметтік-экономикалық дамуындағы рөлін айқындауға мүмкіндік берді. Жалпы, XIX-XX ғасыр реформалары өңірдің қазіргі әкімшілік-аумақтық құрылымын қалыптастырып, әлеуметтік, экономикалық және мәдени даму перспективаларын айқындаған тарихи фактор ретінде қарастырылады. Бұл зерттеу Ақмола облысының тарихи динамикасын кешенді түсінуге және Қазақстанның орталық өңірінің дамуын ғылыми тұрғыдан бағалауға мүмкіндік береді.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. История развития образования Акмолинской области // Жасstar. - 2016. - №1-4. 50 с.
2. Г. Спасский «Сибирский вестник». - 1818. - № 4. 318 с.
3. Левшин А. Описание Киргиз-Казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. - СПб., 1832. - 264 с.
4. Конкашпаев Г.К. Топонимика Казахстана: этнографический и лингвистический анализ. - Алма-Ата, 1949.
5. Адай Секенұлы, И. Бекзатқызы. *Ақмола облысының тарихи топонимдері*. - Қарағанды: 2001.
6. И. Бекзатқызы. *Ақмола облысының тарихи топонимдері*. - Алматы 96 б.
7. Shaukenov A. Administrative and Territorial Changes and Legal Reforms in the Kazakh Steppe in the 19th Century - Almaty: 2014. - 109 p.

### **СӘУКЕЛЕ МӘДЕНИ ФЕНОМЕНИ: ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНЫҢ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ КӨРІНІСІ**

**Қабделова З.Б.**

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.к., доцент Исаева А.И.  
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті.  
[kabdelovazuhra@gmail.com](mailto:kabdelovazuhra@gmail.com)  
Алматы қ.

Сәукеле сөзі қазақ тіліндегі «сәуле» немесе «нұр» мағыналарын білдіретін «сәук» сөзінен шыққан деп есептеледі. Бұл сөздің түбірі жарық, нұр, сәуле сияқты ұғымдармен байланысты. Сәукеле қазақтың дәстүрлі үйлену салтында қыз баланың ерекше мәртебесін, оның бойжеткендігін көрсететін киім болып табылады. Тарихи тұрғыдан, сәукеле тек үйлену тойында киген бас киім емес, ол әйелдің әлеуметтік статусы мен мәдениетін, сондай-ақ оның отбасындағы рөлін бейнелейтін символ болып саналған. Сәукеле қазақ халқының тұрмысында әйелдің қадір-қасиетін, инабаттылығын көрсету үшін қолданылған.

Қазақтың материалдық мәдениетінде ерекше орын алатын бұйымдардың бірі - сәукеле. Ол тек сәндік бас киім емес, қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан дүниетанымының, эстетикалық талғамының, әлеуметтік қатынастары мен салт-дәстүрінің көрінісі болып табылады. Сәукеле - қыздың тұрмысқа шығуына байланысты киілетін, оның жаңа әлеуметтік мәртебесін білдіретін мәдени